

Құланбай Көпішев

# ҚАҺАРМАНДАР



АЛМАТЫ «ҚАЗАҚСТАН» 1981

ББК63,3(2К)722.78

К68

КӨПШІЛІК-САЯСИ ӘДЕБИЕТ  
БАС РЕДАКЦИЯСЫ

Көпшешев Құланоан.

К 68 Қаһармандар.— Алматы: Қазақстан, 1981.—  
144 бет.

Ұлы Отан соғысының ардагері, журналист, қазіргі белгілі ақын, республикалық дәрежедегі дербес пенсионер Құланоан Көпшешевтің «ҚАҒАРМАНДАР» атты кітабына енген естеліктерінде 1941 жылдың декабрінде Ақтөбе қаласында жасақталған 101-ұлттық дербес бригаданың жауынгерлік жолдары, қарулас достарының жаппай жанқиярлық ерлігі хақында әңгіме болады.

Кітап бригаданың құрамында болған майдангер журналистің күнделігі және СССР Қорғаныс министрлігінің архивінен алынған нақты материалдар негізінде жазылған.

Кітапқа сонымен қатар автордың «Сегізінші тіл», «Алтын сағат» және «Қарқабат батыр» сияқты деректі әңгімелері де енгізілді. Ол жалпы оқушылар қауымына арналған.

ББК 63.3(2К)722.78

К  $\frac{11204-136}{401(07)-81}$  119-81-1304010000  
А Р К Б

© «Қазақстан» баспасы, 1981

Біздің жеңісіміз — адамзат тарихындағы асқаралы асу. Ол біздің социалистік Отанымыздың ұлылығын көрсетті, коммунистік идеялардың құдіретті күшін көрсетті, жанқиярлық ерлік пен қаһармандықтың таңғажайып үлгілерін берді — мұның бәрі айдай ақиқат.

**Л. И. БРЕЖНЕВ.**

## ӨШПЕС ЕРЛІК ШЕЖІРЕСІ

### АЛҒЫ СӨЗ

Бұл кітап Ұлы Отан соғысының алғашқы бастап жеңіс күніне дейін жүргізілген күн, СССР Қорғаныс министрлігінің архивінен териалдар негізінде жазылды. Күнделікті с астам уақыт бойына сақтап келдім. Терім сінген, солдат дорбасында жүрген дәптер сарғайып, сырты тозуға айналған.

Майданда қағаз қолға түсе бермеді. С күнделіктің кейбір жерлерін бір жапырақ к куәлік беттеріне де жазған едім.

Дәптердің бірінші бетіндегі қарындаш гүл суретінің үстіне кесе-көлденең «Май деген жазуым бар. Оның астына сиямен б жазылыпты.

Жігіттер, гүл өмірі өте қысқа,  
Қызығып дер кезінде қолыңа ұста.  
Егерде жаның сүйген жан кездесе,  
Гүлінді соған ұсын, қолың қыс та.

Дәптердің алғашқы бетінде «101 ОСБр стрелковая бригада — Дербсс атқыштар тарихынан» деген қысқаша мәлімет келтіріл

Бригада 1941 жылғы 25 декабрьде, Ота алғашқы ауыр кезеңінде Ақтөбе қаласынд ды. Оның ұлттық құрамы мынадай болды. 80,3 процент, орыстар — 10,1, украиндар 3,7 1,8, басқалары 4,1 процент. Бригада запас бұрын армия қатарында болмаған 18—19- дан құралды. Бұлардың көпшілігі Ақтөбе, Г Қазақстан және Қызылорда облыстарына

Бригада 1942 жылғы август айына дейі ласында болды.

1942 жылғы октябрьдің 3 күні Бригадаға СССР Жоғарғы Советінің жауынгерлік туы берілді.

Октябрьдің 24 күні Бригада Москва түбіндегі Погорелое Городишеде эшелоннан түсті, 200 километр жорық жасап, Дулово деревнясы төңірегінде Калинин майданының 39-армия қарамағына берілді.

Құраманың жауынгерлік қимылы 1942 жылдың 26 ноябрінен басталды. Оның бөлімдері Дулово деревнясынан 40 километр жердегі Антиново, Хриппелево және Антиновоның батыс жағындағы орманға орналасты. 28 ноябрь күні бөлімдер бірден ұрысқа еніп кетті. Бригада Зайцево, Букарево, Кувшины деревняларын дұшпаннан азат етті де, Мишуково деревнясына қарай шабуыл жасады. Оны немістер берік бекініске айналдырған болатын. Бұл жерлер Калинин майданының оң қанаты еді.

Осы шиеленіскен ұрыс үстінде 135-атқыштар дивизиясы дұшпанның қоршауында қалды. Бригаданың төрт батальоны 135-атқыштар дивизиясын қоршаудан босатып, 39-армия командашысынан алғыс алды.

1942 жылдың 26 ноябрінен 1943 жылдың 21 январына дейін Бригада 2,5 мыңнан астам фашисті құртты, 25 ДЗОТ-ын күйретті, 13 станокты пулеметін жойды. Бұнымен қатар жаудың 206-жаяу әскер дивизиясын, күзеттік батальонын талқандады.

Бригаданың 135 адамы наградталды.

Осы ұрыстардан кейін құрамын толықтыру үшін Бригада Селижарово ауданына жіберілді. Калинин майданы командашысының бұйрығы бойынша Бригада Селижарово станциясынан Великие Луки ауданына жөнелтілді. Великополье станциясынан түсіп, 3-екіпінді армияның қарамағына берілді. Содан кейін Лукино, Зеленово, Скальково деревнялары төңірегіне топталып, тағы да толықтырылды.

1943 жылдың 25 мартынан бастап Бригаданың танкке қарсы ататын артиллериялық дивизионы (ОИПАД) 360-атқыштар бригадасының қарамағына беріліп, алдыңғы қорғаныс шебінде ұдайы жауынгерлік тапсырмалар орындады.

Ал мергендер тобы 1943 жылдың 2 мартынан 27 июньге дейінгі аралықта дұшпанның 163 солдаты мен офицерін құртты.

Февральдың 26-нан 1 июльге дейінгі аралықта Бригада құрамы фашистік басқыншыларға қарсы ұрыстарда

ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсетті. Осы уақыт ішінде 189 жауынгер жоғары үкімет наградасын алды.

1943 жылдың 17 сентябрінен 19 сентябріне дейінгі аралықта Бригада бөлімдері немістің қорғаныс шебін бұзып, 20—25 километр ілгеріледі. 21 сентябрь күні Бригада Демидово түбіне жетті.

Лужники деревнясы төңірегінде Бригада немістің 14-мотодивизиясымен ұрыстар жүргізді.

1943 жылдың 26 октябрь күні Бригада гитлершілдердің қорғаныс бекінісін жарып өтті. 20 станокті пулеметі құртылды. Дұшпанның 505-жаяу әскер батальоны көп шығынға ұшырады.

Қанды етек арпалыстың ден ортасында жүрсем де, келешек үшін күнделік жүргізіп, майдандағы жауынгер достарым туралы болашақ ұрпақтарға із қалдыруды мақсат етуім біздің майданға жеңіс үшін барғанмыздың айғағы болар деп ойлаймын.

1943 жылғы октябрьде Бригада Бірінші Прибалтика майданының резервіне көшті.

Бригада өз құрамын толықтырғаннан кейін 1943 жылғы октябрьдің бас шенінен 1944 жылғы июнь айына дейін Белоруссия жеріндегі Межно, Нещедро көлдері төңірегінде жаумен бетпе-бет қиянкескі ұрыстар жүргізді. Оның екінші және төртінші батальондары Бураково, Тарасово, Лютиково елді мекендерін азат етті. Жаудың контратакасына ерлікпен тойтарыс берілді.

Сол маңдағы қалың орманды, батпақты аудандарда Бригада Белоруссия партизандарымен қоян-қолтық бірлесіп, басқыншыларға тағы да өлтіре соққы берді.

1944 жылдың январь айына дейін, яғни саяси қызметкерлер даярлайтын офицерлік қысқа мерзімді курсқа кеткенге дейін мен Бригаданың жауынгерлік жорықтарына, дұшпанға қарсы жүргізген ұрыстарына үнемі қатыстым. Өзіммен бірге ұрысқа қатысқан жауынгерлердің, офицерлердің жанқиярлық қаһармандығы мен Отанға деген шексіз сүйіспеншілігінің куәсі болдым.

Бригада 1944 жылы июль айында таратылып, 47-және 90-атқыштар дивизияларының құрамымен біріктірілді.

Осы естелікте Бригаданың жоғарыда аталып өткен жауынгерлік жолы, дұшпанға қарсы жүргізген қиянкескі ұрыстары, жорықтары, жауынгерлерінің жанқиярлық жаппай ерліктері әңгіме болды. Бригаданың құрамындағылардың гвардиялық құрамаларға біріктірілуі

тектен-тек емес еді. Майданда дұшпанмен айқастарда шыныққан олар ұлттық Бригаданың ерлік дәстүріне, қазақ халқының ар-ожданына ешқандай кір келтірген жоқ. Көптеген жауынгерлер жеңіспен еліне — туған Қазақстанға оралды.

Әрине, бүкіл Бригаданың, оның жауынгерлерінің ерліктерін естелікте толық баяндап бердім деп айта алмаймын. Ол болашақтың ісі.

Бригаданың «Отан үшін» атты газеті болды. Газет Ақтөбе қаласында қазақ тілінде шықты. Майданда бригада құрамы басқа ұлттар өкілдері есебінен толықтырылуына байланысты газет орыс және қазақ тілінде, кейін бірыңғай орыс тілінде шығып тұрды.

Газетте қазіргі белгілі ақын Мұзафар Әлімбаевтің әсерлі де тартымды өлеңдері басылғаны есімде. Сол кездің өзінде Мұзафар бүкіл бригада жауынгерлерінің белгілі ақыны болды. Оның өлеңдерін де, өз өлеңдерімді де талай рет жауынгерлерге дауыстап оқып берген едім. Кейін майдандық «Жауға қарсы аттан» газетінде де «Майдан шығармалары» деген жалпы тақырыппен газет бетінде көптеген жауынгер-ақындардың отаншылдық сезімге толы өлеңдері ұдайы басылып тұрды. Олардың майданда от пен жалын арасында жүріп жазған өлеңдеріне жеке еңбек арналса, қандай әсерлі, қызықты да игілікті іс атқарылған болар еді-ау!

### **ӨРІМДЕЙ ЖАСТАР**

1941 жылғы декабрьдің 9 күні түнгі сағат екіде командамен бірге Ақтөбеге қарай поезға мінбекші едім. «Ұйқы дұшпан» деген емес пе, поездан қалып қойып, соғыс комиссариатына ертеңіне қайта бардым.

— Келесі команданы күтуге тура келеді,— деді де комиссар 18 декабрьде келуді міндеттеді маған. Комиссариатқа 18 декабрь күні келіп едім «әлі команда жоқ, өздерің барасыздар», деп екі кісіге бір жолдама жазып берді. Екінші жігіттің аты-жөні есімде қалмапты.

Ол кезде сырланған тақтайдан жасалған көк вагондары мен қызыл товарлы вагондары бар поезды жұртшылық тілінде «Максим» деп атайтын. Біз кірген вагон армия қатарына алынған жастарға толы екен. Шымкент, Жамбыл, Қызылорда облыстарынан, Алматыдан келе жатқан жігіттер де бар. Өзбекстанның Бұхар облысынан Тошев Джобор деген жігіт те осында кездесті. Вагон

іші қыз-келіншектерге толы. Жастар жүрген жер ойы думан, әзіл-қалжыңсыз болып көрген бе?

Мен Байғожаев Айтжанмен алғаш рет вагон ішін таныстым. Ол Алматыдағы академиялық опера және балет театрында істеген 19 шамасындағы жас артист екен. Әзілкеш, әнші, ойыппаз жігіт болып шықты. «Қызы Жібек» операсындағы ариялардың қай-қайсысын болса да, өз сазымен, нәшіне келтіріп, әсем даусымен үздіксіз салды. Вагондағыларға керегінің де өзі оңай.

Дегенмен, тойға кетіп бара жатқан жастар емес. Ертеңгі күні майданға кіреміз. Думанды ортаға наз аудармай мүлде жабырқау отырғандарымыз да бар.

Бір станцияға келіп поезд аялдады. Жұрт тым-тырыс бола қалып еді, ойыппаздығымен Айтжанның жұрттың бәрін қыран жапқандай күлдіргені бар-ды.

Вагон ішінде 12—13 жасар қызымен жас қазақ әйел келе жатқан-ды. Олар Айтжанның әндерін тамса тамашалап отыр. Айтжан жас қыздың аса ұялшақтығына қызығып, оған қайта-қайта карап, әр караған сайын қызға көзін бір қысып қояды. Қыз ұялып томен қарады. Сол кезде Айтжан қыздан назарын аудара қойып әнге басады, не әңгіме айтады. Айтжанның бұл қылығын бақылап отырған Тошев Джобор екеуміз бірімізді-біріміз түртісіп, шек сілеміз қатқанша күлеміз.

— Күл-әка, шұндақасын көрің,..— дейді Джобор қызынен жас аққанша қарқылдап. Қыз әнге елітіп, Айтжанға тағы карап еді, Айтжан көзін тағы да бір қысып қояды. Ақырында, анау-мынаудан көңілі аулақ, күнәдәпк жас қыз жыламсырап, қасындағы шешесіне:

— Әй, апа, ананы қарашы, маған көзін қайта-қайта қыса береді,— дегені бар емес пе! Шешесі жалт бұрылып Айтжанға қарады. Ыңғайсыз жағдайда қалмайын деді білем, Айтжан сол қысқан көзін шешесіне де қысып берді. Сонда шешесі:

— Бетім-ау, құрғыр-ау, көзін қыса беретін өзін әдеті болу керек,— дегенде, жігіттердің қыран-топы күліп жібергені бар-ды. Сонау қалған алыс күндерде Айтжанның осы бір сәттегі қылығы есіме түссе, оған күнге дейін мырс етіп күліп жіберем.

— Әй, Айтжан-ай!..

Қайран жастық шақ! Қатерлі жол үстінде де қаһарлы қыс ызғарын жібіткендей еді-ау. Жастықтың осымен шыдамы вагон ішіне симастай еді.



Даланың көк майсасын жел тербейді, ал мына армияға кетіп бара жатқан балаусадай өрендерді тербеген де, тебіrentкен де ел тағдыры, алақанына салып әлнештеп өсірген алтын бесік-мынау төңіректегі жақыны жалт етіп кейін қалып, алысы жарыса түсіп, өзінмен бірге арман қуып бара жатқандай. Енді қаһарлы қыстың аязы мен қары басып жатқан жалпақ дала. Қыс қаншама суық, қаһарлы болғанымен, мынау сапар үстіндегілерге ыстық көрінді. Әттең, қалып барады...

Сонау 1941 жылы 18 декабрь күні мен Ақтөбеге сапарға аттанғанда, өзімнің күнделігіме «Бүгін сағат екіде бір жолдаспен поезға міндім» деп жазғаным, тағы да бірнеше жолдардан кейін, «Әлгі жолдас неге екені белгісіз, жолда Қазалы станциясында қалып қойды. Қайтып ол жолдасты ешқашан да көре алмадым» деген жолдарымды еске алдым.

— Иә, ол бет-пішіні жылмиған толық қара жігіт болатын.

— Қазалының өзінде жақын туысым бар еді, сонымен амандасып, қоштасып кеткім келеді,— деді ол Қазалы станциясына жақындай бергенде.

— Жолдас-ау, бұл ниетінді кеше соғыс комиссарына неге айтпадың? Жолдамапы бөлек алуың керек еді ғой, мұның жарамайды.

Менің сөзіме жігіт құлақ аспады. Қазалы станциясына келгенде, менімен қоштаспастан үн-түнсіз жылысып, иығы төмен түскен қалпы кете берген болатын.

Мен 21 декабрьге қараған түнде Ақтөбеге келіп түстім де, түні бойы вокзалда түнеп, ертеңіне сағат 9-да 101-бригаданы жасақтап жатқан комиссиядан өттім.

— Жолдасың қайда? — деді комиссияның мүшесі Қамбаров Нығмет.

— Ол Қазалыда туыстарымен қоштасқалы қалып қойды, деп едім комиссиядағылар күлді. Сонда қатты ыңғайсызданып қалдым. Ертеңіне күні бойы, оның ертеңіне тағы да, қойшы, әйтеуір, үш күндей комиссия болып жатқан үйдің жанындағы казармадан әлгі жігітті кездестірем бе деген үмітпен қарайлай бердім. Бірақ жылмиған қара ұшты-күйлі құрыды, келмеді.

«Япырай! — деп ойладым сонда мен,— адамда ар деген бар емес пе? Бұл сөз екі-ақ өріптен тұрғанымен, мәні терең».

Өзімнің сұрағыма өзімнің жауап бергенім есімде, сын сағаты келіп, белсенер күнің туғанда тұлпарыңды жа-

ратып, иығың төмен түспей, кеуденді тік ұстап, аспанға кара бұлт төнгенде, ақыл-парасатпен қимылда жаныңдағы жолдасыңды силап, жаның демдей білсе осының бәрі — Ар...

— Бәрі де дұрыс-ау! Сонау итке сөзімді өткіземедім, жанына дем бере алмадым,— деп өкініп, өзім өзім кінәлағанмын. — Сұқсұр үйректей су жұқпас өде осындай ауырдың үстімен, жеңілдің астымен ғана сақтап жүре беретіндер де болады-ау...

Комиссиядан өтіп, казармаға іріктеліп келіп жатқан солдаттардың қатары күннен күнге көбейе берді. Казармадағы бөлім бойынша кезекші едім, осынау үстінде тұрғанымда:

— Жолдас кезекші, жауынгерлер Ленин мүйізің жиналсын, команда беріңіз,— деді әмірлі үн. Бұл екі күннен бері осы казармаға өз бөліміне жіберілген жауынгерлерді қабылдап жатқан комиссар Мәлкеев Алхамбек еді. Ол жауынгерлермен әңгіме өткізбекші екен.

— Сіздердің бәріңіз де еліміздің таңдаулы ұлы ерлеріңдер. Комиссия сіздерді қарулы күшіміздің қатары болуға жарамды жігіттер деп тауып, сіздерге үкімет партиямыздың атынан үлкен сенім білдіріп отыр. Сөзіңдерді ақтап шығу үшін сіздерден өмірнен талап етпей деп бастады да Алхамбек алда тұрған міндетті, жауынгерлік даярлықты жақсылап өткізуге әр солдаттың денсаулығы өте қажет екені туралы айтты. Мұнсыз зұлмат жауды жеңуге болмайды.

Әңгіме өткізіп болғаннан кейін жауынгерлер жауап бермегенін білсе сұрақ қойды Алхамбекке.

Джобор Тошев қолын көтерді.

— Шу, әкә, мәнгә қандай хизмәт бересіз? — деді.

— Армияда «әкә» демейді, жолдас, жауынгер, әрі әрі атағымен айтар болар.

— Кешіріңіз, әкә... кешіріңіз, комиссар әкә. «Әкә» деген сөзді әскери атаққа қоспай айта алмай-ақ қойдым, Джобор.

— Сіздің қолыңызға ең мықты қару беретін бізміз. Оны танкке қарсы ататын зеңбірек деп атады.

— Қәттә қару икән қу, комиссар әкә! — деді Джобор.

Біздің бөліміміздің толық аты қандай болады, жолдас комиссар? — деп сұрадым комиссардан.

— Танкке қарсы ататын дербес артиллериялық батарея, визион, қысқаша ол ОИПАД деп аталады. Біздер сіздер майданда Бригадамыздың барлық батальондамыз.

қолдайтын боламыз әлі. Мықты емеспіз бе, ә? — деді Мәлкеев.

— Командиріміз кім, жолдас коммисар?

— Аға лейтенант Меджитов Джават, аса ұстамды, жауынгерге үлкен қамқоршы, білгір командир.

— Біздің Бригаданың командирі кім?

— Полковник Севостьян Яковлевич Яковленко, Совет армиясының байырғы бөлімдерінде командир болған, майданда жараланған, госпитальда емделген. Жарақатынан жазылғаннан кейін біздің бригаданы қабылдап алды. Қол астындағы адамдарға қатаң талап қоя білетін, білгір, соғыс тәжірибесі мол кісі.

Жауынгерлер дабырласып сұрақтар беріп жатыр. Сонда өңшең қара көздерге көзім түсті. Поезд үстінде ұдайы жұртты күлдірумен болған Байғожаев Айтжан, өжеттене сұрақ беруші Мусин Зейнел, «әкалап» отырған өзбек жігіті Тошев Джобор, т. б. — бәрі де өрімдей жас жігіттер еді.

\* \* \*

Мен Бригаданың бас-көзі болған марқұм Севостьян Яковлевич Яковленконың жұбайы Любовь Викторовна Яковленкомен соғыстан кейін кездесіп, өткенді еске алып ұзақ сыр шерттім. Ол былай болған еді.

— Соғыс уақытында Яковленконың семьясы Москвадағы Үлкен театрдың сыртында тұрған. Адресі менде бар еді, жоғалтып алдым, — деді «101-дің» бірінші батальонының бұрынғы командирі полковник Хакім Бекішев.

Мен әдейі Москваға барып, Яковленконың семьясына іздестіру салдым. Мұның өзі мен үшін тосын іс болды. Әуелі Москваның адрес бюросынан сұрастырып едім, Яковленко семьясы Москвада жоқ, деді. «Мүмкін емес, қалай да Яковленко семьясымен кездесуім керек» деген ниеттен танбаған мен СССР Қорғаныс министрлігінің кадрлар басқармасына телефон соқтым.

— Москва, Зорге, 10—үй, 115-пәтердегі үйге көшкен екен кейін олар.

Тағы да іздестіру. Метромен Полежаевкадан түсіп үйді тез-ақ тауып алдым.

Любовь Викторовнаның жасы алпыстың үстінде, сабырлы, кішіпейіл кісі екен. Өзімді таныстырып болған

сон, Севостьян Яковлевич жайында сұрастырып келген материалдар алдым.

— 1939—1941 жылдары Севостьян Яковленко Жермеңгір қаласында полк командирінің орынбасары еді. Сол кезде Бела Церковь қаласына ауысып, полк командирі болды. Бела Церковьтан оқуға, Фрунзе атындағы армияға жіберілді. Онда екі-үш ай ғана оқыды. Сол кезден басталып кетті... Ол өз полкына қайтуға бұйрық алды. Бела Церковьқа барса, оның полкы майданға кетіп қалыпты. 26 июньде полкын майданда кездестіреді. Ал июль айында жаралы болып госпитальға түседі. Госпитальдан Орта Азия соғыс округіне жіберіледі. Ол жерден 1-полк командирлікке тағайындалады. Сол кезде жазған хатымынау, — деп Любовь Викторовна хатты көрсетті. «Севостьян бізге хат жазса хаттың басына ұдайы «Меніңгершіндерім менің» деп жазатын еді, — деді Любовь Викторовна қамығып.

— Қазасына көрінді ме батырдың, бұдан кейінгі хаттарында өте тебірене жазатын еді, — деді Любовь Викторовна.

Бәрі бүкшіп, ауыртпалықтардың бәріне төзіп келген ендігі мынау ана — Любовь Викторовна да сол кезден талшыбықтай жап-жас келіншек емес пе еді. Сол кезден енді жапырағын кең жайған бәйтерек іспетті көрінген маған.

— Севостьян Яковлевичпен үйленген кездегі сұлу еміміз мынау, — деп аппақ дөңгелек жүзді әдемі келіншекпен сұңғақ бойлы, ат жақты сұлу жігіттің суретін көрсетті, менің «күнделігімдегі» атамды еске алып жазған майдандық газетке басылған «Майдан маңындағы майдан» деген өлеңімді оқып отырып, көзінен жас жамоншақтатып төгіп жіберді Любовь Викторовна. Ол жасын сүрте отырып, ана Валентин деген жалғыз баласын барын айтты, ол да әке жолын қуған, әскери авиатор. Севостьян жоқ болса да артында ізін қалдырған ұлын жұбаныш ететінін, ешкімнен кем етпей өсіріп, жақсы келіні барын — бәрін мақтап ете сөйледі.

Любовь Викторовна 1943 жылдың август айында Яковленконың майданнан шақырып алынып Генерал жанындағы қысқа мерзімді курста оқығанын, ал ноябрь айында майдандағы 134-Қызылтулы Бердинск дивизиясын қабылдап алғанын және 1944 жылы 9 февральда снаряд тура түсіп, 8 адамның апат болғанын ауыртпалықпен отырып еске алды. Сол апатта тірі қалған с...

бөлім бастығының орынбасары қазақ жігіті екен, оның аты-жөнін ана есіне түсіре алмады.

Любовь Викторовна ерінен қалған көптеген фотосуреттерді көрсетті. Яковленкомен, оның штабындағылардың Ақтөбеде тактикалық оқу кезінде машина қасында тұрған суретін, Бригада комиссары Әлиев Нұримен, майдандағы бір топ артиллеристермен әңгімелесіп тұрған және т. б. суреттерін көрсетті.

Ақырында, майданға кетер алдында Ақтөбеде Бригада құрамының митингісі кезінде түскен ұзыннан-ұзақ суреттерді көрдім. Майдандас жап-жас өрендерді, тапыс жүздерді көргенде жүрегім дір ете түсті де:

— Ай, абзал ардақтыларым-ай! Қазіргі өзімнің «қара» бала мен «сары» балам сияқты екенсіңдер-ау бәрің де сол кезде,— деп көзіме жас алдым.

Мына суретте тұрған боздақтардың талайы соғыс құрбаны болып кеткені есіме түсіп, «аһ» ұрдым.

### **АЛҒАШҒЫ АЙҒАС**

1941 жылғы декабрьдің 29 күні зеңбірек расчетын қабылдап алдым. Менің бөлімшемдегі жігіттер: Нұртілеуов Өтеп, Мұқанов, Ізбасаров — Ақтөбе облысынан, Құрмашев Құмар — Батыс Қазақстаннан, Түгелбаев, Жиенбаев — Жамбылдан. Бірде-бірі әскер қатарында бұрын болмаған, сондықтан аз уақыт ішінде оларға әскери тәртіп пен соғыс ісін үйрету оңайға соққан жоқ. Ақтөбенің қысы қатты. Аязды күндеріне қарамастан, күні-түні бірдей дайындық, шынығу, әскери жаттығу үздіксіз жүргізіліп жатты. Елек өзені бойындағы Акжар лагерінде жаздың аптап күндерінде ұзақ-ұзақ жаяу жорықтар жасалды. Қысты күнгі жорық кездерінде көбіміздің бет аузымыз үсіп те кетті. Бригада құрамындағы жауынгерлердің басынан өткен Ақтөбедегі 238 күннің жалпы көрінісі, міне осындай. Ыстық-суыққа шыдап, даярлық жүргізу майдандағы қиыншылықтардан кем соққан жоқ. Көптеген жігіттер майданға жіберуді өтінді. Олардың тілек-талабы орындалып, мезгіл-мезгіл майданға жіберіліп те тұрды. Москва түбінде дұшпанға қарсы кескілескен ұрыстар жүргізіп жатқан пафиловшылармен тізе қосып Москва үшін шайқасты.

Міне, енді 1942 жылдың август айында 12 эшелонға тиеліп майданға қарай аттанғалы тұрмыз.

Бар ауыртпалық енді эшелон үстінде. Мынау ығы-жығы вокзал алдындағы перронға демімді ішіме тарта қараймын. Эшелонның ұзына бойы ерсілі-қарсылы жүріс, абыр-сабыр. Шығарып салып тұрғандар майданға аттанып бара жатқандардың туыстары — әкесі, шешесі, інісі, қарындасы, жеңгесі, сүйген жары, қалыңдығы. Осылардың басым көпшілігі ақ жаулық киіп, бастарына қызыл орамал тартқандар.

Міне, құрбы-құрдастар болуға тиіс, 17—18 жас шамасындағы он шақты қыз келді. Осы сәтте мұнда қыр-шын жас солдаттардың жанын түсінген дарқан көктем-жеңгесі келгендей еді. Эшелонға тіркелген қызыл вагондар жағынан. «Қыздар... қыздар келді... қыздар!» деген дауыстар да естілді. Әсіресе қара торы келген, әдемі қырмұрынды, қарақат көзді, сұңғақ бойлы қыздың назары жалт-жұлт етіп, жігіттердің жанын жеп бара жатқандай. Қыздардың кейбірі көзіне жас алып, кейбіреуі жасымай майданға жүргелі тұрған қимастарымен сүйісіп-қоштасып жатты. Әлгі қара торы қазақ қызына тән ұяңдық па, немесе сүйгені майданға кеткен бе, қалай да жеке тұр.

Оның осы тұрысын жауынгер Зәкиров Қайролла да сезіп тұр еді. Ол майданға кетіп бара жатқан басқа дивизиядан екен. Осы Ақтөбе станциясына келіп, эшелоннан түсіп тұрған беті. Кең даланың ауыр жүгін көтергендей ол осынау топқа қимастық раймен қарайды. Енді әлгі қызға бір лебіз білдіргендей сазы бар.

— Қарындас, бері келіңізші,— деді де, қызға бір табан жақындай түсті. Эшелонның қозғалуына аз ғана уақыт қалды.

— Бетіңнен сүйейін қарындас...

— Жаныңызды шүберекке түйіп, жалындаған жүрегіңізбен біздерді қорғауға аттанып бара жатқан азамат ағасыз. Қарындас дедіңіз ғой, сүйіңіз аға! — деген қыз үні естілді.

Ол бөгелместен қызды айқара құшақтап сүйіп алды. Көріп тұрған жігіттер «Ура!..» десіп қол соғып, мәз болып жатыр.

Осы сәтте «По вагонам!» деген команда берілді. Қонырау қағылды. Поезд қозғала бастады. Қаптаған жүрғысырылып қала берді.

Поезд жылжи бергенде әлгі дивизияның бүкіл саставы қазақтың халық әні «Қамажайға» салып, вокзал алдын ән-күйге бөлеп жіберді.

Қамажай қалды-ау кейін,  
Қалды-ау кейін — қалқатайым...

Сонау қызға қайта-қайта қарап, қол бұлғады Қайролла. Поезд барған сайын жылдамдығын үдетіп, майданға қарай — батысқа тартты. Біздің эшелон да 4—5 минуттан кейін Батысқа қарай жөнелді. Біз де «Қамажай» әніне бастық. Қайран жастық, осылай қан майданға аттанып барады!

Қамажайлар қалып қойды.  
Қамажайлар қалып қойған  
жоқ-ау, әр солдатпен

бірге олар да майданға біздермен бірге кетіп бара жатқандай.

\* \* \*

1942 жылғы августың 12-сі. Түнде Москва түбіне келдік. Жолда ашық платформа үстіне тиелген машинасында отырған шофер Елдеевпен әңгімелескенім есімде: Ол: — Жанымызды орамалға түйіп, майданға келе жатырмыз. Бір жүретін болсақ, жаман айтпай жақсы жоқ, өліп кете қалсақ, тірі қалғанымыз елге хабар жеткізелік,— дейді. «Тірі қалғанымыз елге хабар жеткізелік» деген сөзінің үлкен мәні бардай маған.

Бұл жерден бүкіл бригада қару-жарақ алып, жауынгерлік әзірліктер өткіздік.

45 миллиметрлік зеңбіректер алдық. Қорғасыннан құйғандай ауыр-ақ, пәлекет!

1942 жылғы сентябрьдің бірі. Бүгін жауынгерлік және саяси даярлықтың үздіктерін «РККА үздігі» значомен наградтау үшін митинг болды. ОИПАД командирі Меджитов Джават және комиссары Мәлкеев Алхамбек жауынгерлерге значокті өз қолдарымен тапсырып, құттықтады...

Батысқа қарай тартқан бірнеше күндік жол жорығы артта қалды. Жылы киім алу үшін Москва маңындағы бір станцияда тұрмыз. Аспанда қаптаған аэростат. Бұл жаудың әуе шабуылынан қорғану үшін жасалған әрекет.

Москвадан батысқа қарай алыстаған сайын соғыстан болған бүліншілікті өз көзімізбен көріп келеміз. Өртенген үйлер, мойны сорайған пеш мұржалары...

Октябрьдің 24 күні Погорелое Городище қаласына келдік. «Қала» деген аты болмаса, қаладан ешнәрсе қалмаған. Станцияның да ізі жоқ. Бірақ біздің тылы-

мыздан мұнда эшелондар келіп-кетуде. Қираған үйлерден аяқ алып жүре алмайсың. Көрінген жерде басқышылардың талқандалған машиналары мен техникасы тау-тау болып үйіліп жатыр. Батпақты белшемізде кешіп жүріп, қару-жарақтарымызды эшелоннан түсіріп, машиналарға тиедік.

Октябрьдің 25-не қараған түні қираған үй кесектерінің қуыс-қуыс арасына түнеп шықтық. От жағып, каталокке құрғақтай берілген тамақты пісіріп ішеміз.

Октябрьдің 26-сы күні кешкісін Погорелое Городищеден түнделетіп, 200 километр жорыққа шықтық. Жолда машиналар батпақтап қала берді. Қиын-ақ! Батпақтаған машиналардың жүрісі тым баяу. Түнгі сағат екіде Митино деревнясына жеттік.

Шылым тартып тұрған кіші политрук Ержановский дивизион комиссары Мәлкеев:

— Бұл майдан маңы, Ақтөбе емес, жолдас кіші политрук, дұшпаннан сақтану үшін түнделетіп келеміз, ағай, сіз шылым тартасыз, тастаңыз! — деп кейіді.

Кеше 50 километр жүріппіз, барар нысана — Холмово деревнясы. Әлі алда 150 километрден астам жол бар. Зеңбіректі машинаға тіркейтін ілгіш темір жолда түсіп қалыпты. Қап!.. Енді зеңбіректі машинаға сыммен бұра тіркеуіме тура келді.

...Холмово деревнясынан майдан алыс емес. Алысқа ататын зеңбіректердің гүрсілі құлаққа келеді. Біз ұрысқа кіруге ұдайы дайындық үстіндеміз. Қорқыныш, үрей басым. Амал қанша, әдеттенбеген нәрсе ғой, бұған да бой үйренер.

Ноябрьдің 10 күні бір үйге сабан төсеп орналасты. Айнала аппақ қар, күн суыта бастады. Шаңғыға зеңбіректі тіркеп орман арасына барып дайындық жүргіздік. Дайындық... Күні бойы дамылсыз дайындық...

Тыным көрмей зеңбіректі әкпен ақтап алдық. Оның механизмдері бұралмай, қатып қала береді. Күн суық қар борап тұр. Кенет алдыңғы шептен күн күркірегендей зеңбіректердің үздіксіз гүрсілі естілді. Біздің алдыңғы шеп шабуылға шықты. Асығыс алға қарай беттеп келеміз.

Алдыңғы шептегілерді өкшелей Молодой Тут өзенінен өттік. Жүріп келеміз. Орман ішіне ендік. Төңіректе адам өліктері. Өлген неміс офицері үстінде ақ халат бар. Фашист өлігінің жанынан төңіректен кішкене қаратышқан шықпайды. Имақов Іскендір өлікті бір аударып



тастады. Жол үстінде жатқан өлген адамның саусақтары көзіме түсті. «Бұның денесі қайда?» деген сұрақ ойға еріксіз келеді. Ілгерілеген сайын пулемет тарсылы, зеңбіректердің тура көздеп атқан үні естіледі. Күн қыпқызыл от боп ұясына батып барады. Ботинкелерді лақтырып, тылдан машинамен жеткізілген пималарды киіп алдық.

Батарей командирі:

— Машинадан түсіңдер, ұрысқа дайындалыңдар! — деп команда берді. Бір жәшік гранатаны әркімге таратып берді.

— Түсін қашып кетіпті ғой, — деді батарея командирі менің бетіме қарап, мен де оның бетіне қарасам, ол да жетісіп тұрған жоқ екен. Қолы дір-дір етеді. Тоңып тұрғанын, не ұрыс алдындағы үрей екенін айыру қиын. Оны өзі де сезіп тұрған жоқ-ау, сірә.

Сөйтіп, біз түнделетіп үшінші батальонды қолдап шабуылға шықтық. Дұшпан жақтап оты көрінген атыс ұяларына қарсы оқ атып, қай тұстан келіп ұрысқа кіргенімізді білмейміз. Немістер біздің шебімізді қатты атқылады. Таяуда жарылған снарядтар мен миналар құлақты жарып жібере жаздайды. Автоматтан атылған оқтар суылдап нақ төбеңнен өтеді. Пәлендей ілгерілей алмадық. Қорғанысқа кіруге тура келді. Оқ пен түтін арасында жүріп, жер қазып бекіне бастадық. Түнгі ұрыста политрук Ержанов Нұрғазы, жауынгерлер Күлетов, Сүндетов, Әбілев, Орынбасар жараланып госпитальға жіберілді. Менің расчетымнан Мұқанов жоқ болып шықты. Іздестіріп таба алмадым.

Бұл Мишуково деревнясының тұсы екен. Урдомға шабуыл жасады дегені қайда?!

Таң алдында екінші позицияға шықтық. Қарды күреп, зеңбірекке окоп қазып, от жағып жылынайық дей бергенде:

— Кейінде, Бригада резервінде тұруға бұйрық келді, тез дайындалыңдар! — деді батарея командирі.

— Қап!.. жаңа ғана тынышталайық деп отыр едік. Манадан бері азаптанып қазған окоптарымыз қалды да барды. Шіркін, еңбек-ай, түнімен айқаста болып, шаршаған біздерге өзіміз жаңа ғана қазып болған окобымызда ең болмаса бір сағат та дем алмадық-ау!..

Кейін қарай шығып, орман ішіне қайта топталдық. Бүгін күні бойы ыстық ішпедік. Біздің батареяның жылжымалы кухнясы адасып кеткен, қайда екені белгісіз.

Бригада бойынша өткен түнгі жүргізілген ұрыс жайы мынадай екен.

Бригада Дубки, Плоты, Сухуши елді мекендерге келіп, оған орналаспастан бірден шабуылға кірісіп кеткен.

Бригада командирі С. Яковленко екінші атқыш батальонына (командирі капитан Хазиахметов Шакирмет) Шпалево елді мекенін алып, 230,9 биіктікке қарай шабуылға шығуға бұйрық берді. Оны қолдауға берілген қосымша күш: капитан Меджитов Джават пен капитан Мәлкеев Алхамбек басқаратын танкке қарсы атау дивизионының (ОИПАД) бір взводы болатын.

Капитан Ершов Яков Дмитриевич басқарған үшінші батальон Сухуши елді мекенінің оңтүстік-батыс жағынан ұрысқа шығып, Кувшиновоны алуға, одан әрі 230,9 биіктікке қарай шабуылды үдету жөнінде бұйрық алды. Оны қолдауға берілген қосымша күш: 76 миллиметрлік зеңбіректер дивизионының взводы және танкке қарсы ататын қару взводы.

Майор Евловский Филипп Михайлович басқарған төртінші батальон Трушково елді мекенінің оңтүстік жағынан Букарено елді мекеніне шабуылға шығып, алғаннан кейін 230,9 биіктіктің солтүстік-батыс бағытына қарай алға баса беру міндеті қойылды оған. Оны қолдауға бөлінген қосымша күш: миндивизионының (МД) бір батареясымен капитандар Кулаков пен Ситов Сүлеймен басқарған 76 миллиметрлік дивизионының бір батареясы және танкке қарсы ататын зеңбірек взводы мен танкке қарсы ататын қару взводы.

Ал майор Бекішев Хакім басқарған бірінші атқыштар батальоны Бригада резервінде болып, төртінші батальонға ілесе ілгерілеп, дұшпанның контратака жасауына тойтаруға және әрі қарай шабуылды үдеткен бөлімдерге көмектесуге тиісті болды. Оған берілген қосымша күш — автоматшылар батальоны еді. Бекішев бұл міндетті ойдағыдай атқарған.

Шабуыл 1942 жылдың 28 ноябрь күні сағат 9 басталып, сағат 12-де Букарено, Кувшино деревнялардан дұшпаннан босатылды. Жаудан көптеген олжа қолданып түсті.

## МИШУКОВО ҮШІН ШАЙҚАС

Калинин майданында дұшпан қолында Ржев қаласы тұр еді. Сондықтан бұл Ржев бағыты деп аталатын. Мишуково Калинин облысындағы төбе үстіндегі деревня. Ржев пен Великие Луки қалаларын байланыстыратын темір жол осы Мишуково сыртында, дұшпанның тылы. Оленино станциясы Мишуково деревнясының дәл сыртында — он сегіз километрдей. Ржев қаласы бұл деревняның сол жағында — 35 километрдей, ал Великие Луки қаласы оң жақта.

Дұшпан совет әскерлері Ржев пен Великие Лукиді алу үшін осы Оленино тұсынан жарып өтуге тиіс деп ұғып, бүкіл Мишуково төңірегін тас-түйін бекініс қамалына айналдырған. Бұл аудан Калинин майданының сол қанаты болатын.

Мишуковоға қайта-қайта шабуыл жасаған 101-бригаданың жауынгерлеріне де, басқаларға да неміс басқыншыларының неліктен өршелене қарысып, әрбір метр жер үшін неге жанталасқанын жете түсінген жоқ едік. Мұның мәнін кейінірек білдік.

Біздің армияға ғана емес, бізбен майдандас басқа да армияларға кейін екпінді армия атағы берілді. «Мұның ол тұста қандай қажеттілігі болды?» деп сұрайтындар болар. Әрине, оның сол шақта бүкіл майдан үшін үлкен стратегиялық мәні бар екен.

Ол кезде Паулюстің армиясын қоршауға алу үшін совет армиясының үлкен шабуылы Сталинград түбінде дайындалып жатқан. Сондықтан Совет Армиясының адам күші мен техникасының басым көпшілігі Сталинград түбіне шоғырландырылды. Аса құпиялы сақтықпен әзірленген осы жоспар біздің Қарулы Күштеріміздің тек бірді-екілі әскери басшыларына ғана мәлім болды. Бұл шаралардың бәрі басты соққыны басқыншыларға орталық майданнан беріледі деген ұғым туғызумен фашистік Германия разведкасын адастыру үшін қолданылды. Совет Армиясы басшылығының бұл жоспары ойдағыдай орындалғаны бүкіл әлемге мәлім. Басқыншылар «орыстардың шабуылын» орталық майдандардан күткендіктен, бақайшағына дейін қаруланған армияларын осы бағытқа әкеп төкті. Біздің құрамалар, соның ішінде біздің бригада немістің күші басым армияларына қарсы Мишуково түбінде 1942 жылдың 26 ноябрінде

шабуылға шықты, үлкен ерлік көрсетті. Екі жақ көп шығынға ұшырады.

Бірақ оның есесіне бірнеше күннен кейін Сталинград майданы шабуылға шығып, фашистерді дүркіре қуды, Паулюстің 350 мың армиясын қоршап алғаны біздер жақсы білеміз, әрі зор мақтаныш етеміз, өйткені фашистік командование орталық майдандағы мұзда қаруланған армияларын асығыс-үсігіс дислокация жасап, Сталинград түбіне жіберуге қамданып еді, мұны біз сынан түк шықпады. Сталинград майданы жауды тысырып, батысқа қарай ілгерілей берді. Осылайша орталық майдандағы армияларымыз немістің көптеген күштерін матады. Біздің маңдай тұсымыздан фашистер бірде-бір дивизиясын Сталинград бағытына неге алма кете алмағанын жақсы түсіндік. Сондықтан да Сталинград шайқасына біздер баға жетпес үлес қостық. Орталық майдандағы аса шиеленіскен қанды айкастағының шын мәні, міне осында десек, бұл тарихи шайқас дүң.

\* \* \*

Ноябрьдің 29 күні Бригада резервінде орман тұрмыз. Күн ызғарлы. Түгелбаев екеуіміз шырша ағаштардың қылқандарын шауып, суықтан сақтану үшін ұйықтасын-күрке жасап алдық. Күрке деген аты болмас тек амалсыздың лажы еді. Күркенің тұс-тұсынан ызғардан соққан жел қалшылдатып берекені қашырады. Жылыну үшін ұйықтасыннан шыға салып жүгіреміз. Рәсметтағы басқа жауынгерлер машина қорабы үстінде ұйыме-жүйме болып ұйықтап жатыр. «Ұйықтап жатпай үсіп кетер» деп бәрін де ояттым. Ізбасаров тәлтіректен тұрып: «тоңып қалыппын» дейді. Расчет жауынгерлер машинадан түсіп, аяқтарын тепсініп, қакқылады. Дүркірепанмен ғана емес, қақаған аязбен де осылай күресу душар болдық. Таңертең Ізбасаровтың аяғы үсіп кеткенін білдім. Байпағын шешсем аяғы қақайып қатты қалыпты. Жүріс-тұрысқа саран, көп сөйлемейтін жауынгер еді ол, оны тез санбатқа жөнелтуге мәжбүр болдым.

Бригада командирі Яковленко мен штаб бастығы Ковалов құрама бөлімдерінің 29 ноябрьдегі армия штабына берген мәлімдемесінде Мишуковоға шабуылдың екінші кезеңі басталғанын сипаттайды. Ол үшін бригада батальондары Мишуковоның солтүстігін

орманға топталып, өздерін тәртіпке келтіреді. Осы жерден шабуылға шығатын учаскені қабылдап, күні бойы Мишуковоға төрт жақтан атака жасады. Төртеуінде де дұшпан өршелене тойтарыс берді.

Сағат онда күн ілгері белгіленіп қойған дұшпанның атыс ұялары, ДЗОТ-тары артиллериядан 30 минуттай атқыланып, дұшпан контратакаға шықпас үшін атысты оның тылына, яғни Дубовкаға қарай ауыстыра бастаған кезде, Бригада бөлімдері Мишуковоға үш тұстан дүрсе қоя берді. Артиллерия әзірлігі жүргізіліп жатқан кездің өзінде-ақ Бригада бөлімдері жаудың алдыңғы шебіндегі траншеяларына жетіп те қалған еді.

Дұшпан пулеметтен, автоматтан, артиллерия мен минометтен жаңбырдай оқ жаудырып, жаяу әскерлеріміздің ілгерілеуіне мүмкіндік бермеді. Біздің бөлімдер аздап қана алға басты.

Шығынға да қарамастан, үшінші, төртінші батальон жауынгерлері Мишуково түбіне тақау келіп, бөлімдердің жеке топтары шеткі үйлерді ала бастаған кезде, екі ротаға жуық дұшпан тобы оқты қарша боратып, қарсы шабуылға шықты, біздің бөлімдердің шабуылын тойтарды.

Бригада бөлімдерінің күндізгі сағат екі кезіндегі екінші шабуылының нәтижесінде төртінші батальон мен автоматшылар ротасы Мишуковоның солтүстік жағына өтіп, бір ДЗОТ-ты талқандады. Қарсы шабуылға шыққан жүзге тарта гитлершілдерді жойып жіберді. Бірақ төртінші батальонның Ур Диево деп аталатын орман жағындағы тылы мен қанатынан дұшпанның екі ротаға жуық автоматшылары тағы да контратакаға шықты. Батальон әуелгі қалпына шегінуге мәжбүр болды.

Жауынгерлер жанқиярлық пен қаһармандықтың үлгісін көрсетті.

Бригада артиллеристерінің туралап атуының нәтижесінде дұшпанның 4 ДЗОТ-ы, үй төбелеріндегі 12 атыс ұялары жойылды. Мишуковоның өзінде дұшпан 2 миномет батареясынан, 40-қа жуық солдаты мен офицерінен айрылды.

Дұшпанның 53-жаяу әскер полкынан қолға түсірілген неміс тұтқыны: «өлген сегіз неміс офицерінің біреуі — үшінші батальон командирінің орынбасары капитан Круц еді», деп көрсетті.

Саперлермен бірге автоматшылардың бір тобы Мишуковоның солтүстік-батыс шебіне шабуыл жасап,

жаудың ДЗОТ-ына басып кірді, ондағы жиырмаға жуық гитлершілерді жойып жіберді, пулемет пен автоматтарын қолға түсірді.

Осы ұрыстарда төртінші және бірінші батальондардың саяси жұмыс жөніндегі орынбасарлары Дәулетьяров пен Алшынбаев қаһармандық көрсетті. Олар шабуыл кезінде батальондардың жауынгерлік қатарында үздіксіз болып, ақырында ерлікпен қаза тапты.

Мишуково үшін болған ұрыстарда төртінші батальон командирі Еловский мен 76-миллиметрлік артдивизион командирі капитан Кулаков ерекше көзге түскені үшін Бригада командирі 39-Армияның Әскери советіне оларды наградтау жөнінде ұсыныс жасаған. Тапқырлық, ынта-жігер көрсеткені үшін екінші батальон командирлерінің саяси жұмыс жөніндегі орынбасары Әміреев Қапар да үкімет наградасына ұсынылды. Осы айқасгардың барысында жауынгерлерге қолма-қол алғашқы медициналық жәрдем көрсетуде және оларды тезінен тылга — госпитальға жөнелтуде, сөйтіп, жарақаттанған жауынгерлер мен командирлердің өмірін сақтап қалуда медсанротаның жауынгерлері үлкен ерлік көрсетті.

Мишуково үшін болған ұрыстарда жауынгерлік тапсырмаларды орындауда ерлік үлгісін көрсеткені үшін көптеген жауынгерлер СССР Жоғарғы Советі Президиумы атынан орден, медальдармен наградталды. Олардың ішінде бірінші батальонның 3-рота командирі Алпысбаев Аман, аға сержант Василенко Иван Андреевич, әскери фельдшер Колесников, сержант Маршенко Михаил, сержант Төлегенов Есенбай, қызыләскер Орынбаев Серікбай, екінші батальонның 1-рота командирі аға лейтенант Хакимов Абдолла, т. б. бар.

\* \* \*

Резервтегі біздің түнегеніміз дала, түндігіміз аспан болды. Далаға от жағып жылынамыз.

Күндіз неміс самоләті біздің тұрған жерімізді сезіп қойып бомбылады. Зенитчиктерден бір жауынгер жараланды...

Декабрьдің бірі күні мен басқаратын расчеттың жоғалып кеткен жауынгері Мұқанов келіп тұр. Әкем келгендей қуанғаным-ай!

— Ұрыс саябырлаған бір мезетте ұйықтап кетіп сіздерден қалып қойыппын. Басымды көтерсем, кетіп қалыпсыздар, кешіріңіз, жолдас сержант,— дейді Мұқанов.

...Ертеңіне таңертең бір қолынан жараланған Рахимов (дивизион командирінің орынбасары) жолықты бізге. Білгір командир еді. Татар жігіті. Біздің батарея командирі оған әскери тәртіппен амандасты. Ол ұрыста Игенов Кәрімнің (1-батарея командирі) жаралы болғанын және Ожыраевтың, екінші батареяның политругі Әбдірашитовтың, оның батареясының парторгі Дауылбаевтың ерлікпен қаза тапқанын айтты.

— Үшінші батареядағы сіздерге қатты ескертетінім,— деді ауыр ой үстінде тұрған Рахимов,— алдыңғы шепте дұшпанмен арпалысып жатқан бірінші және екінші батареяға, әсіресе, снарядтардың сыбасқан майы үлкен кедергі. Өйткені зеңбірек атқан сайын ствол ішінде баттасқан күйе зеңбіректердің мүлтіксіз оқ атуына нұқсан келтірді. Сондықтан зеңбіректердің стволын тазаландар, снарядтарыңды завод майынан арылтып, сүртіндер,— деп тылдағы дала госпиталіне қарай жаяу аяндай берді...

Резервтен шығып алдыңғы шепке қарай жорық шегіп келеміз. Жаралы болып госпиталға қарай бара жатқан Ақыраров, Жүнісов, Жазықбаев, Загильдиндер жолда кездесті.

Декабрьдің 4 күні біз екінші эшелоннан шығып, декабрьдің 5-не караған түн жарымында біздің бөлімдердің азат еткен Зайцево деревнясын қорғауға бұйрық алдық. Дұшпаннан босатылған Букарево деревнясынан өтіп жүріп келеміз. Жолдағы терең сайдан ат жеккен зеңбірегімізді әзер дегенде алып өттік. Орманға келген жерде батарея командирі взвод командирі Шегальковпен сүйісіп қоштасты. Мұқанов пен Құрмашевті барлау үшін алға қарай жібердім. Передоктың (зеңбіректі тіркейтін екі дөңгелекті арба) темір дөңгелегінің аязда шикылдаған даусы орманды жаңғыртады. Жау естіп қойса, миномет оғының астына ала ма деп қауіптенеміз.

Таң ала кеуімденіп қалды. «Қап! — деймін ішімнен күйініп,— атыс шебіне неміс көзіне түспей, түн қараңғысымен жетіп алғанымыз жөн еді. «Алдыңғы шеп енді алыс емес шығар» деп Шегальков алға кетті. Біздер орманнан шығып, алдымыздағы дөңге қарай беттедік.

Таң әбден атты. Амал қанша, дөңнен аса алмадық. Дұшпан осы қырдың аржағындағы ойда бекініп жатыр. Взвод командирі Шегальков ақырында менің расчетыма кері, орман ішіне қарай қайтуды бұйырды.

«Орманда кешке дейін боламыз, келесі түн қараңғысымен зеңбіректі позицияға қоямыз» деді ол. «Бүгін бітпеген шаруа ертең бітердің» кебі.

...Шегальковтың қасына әлгінде ғана сүйісіп айырылысқан комбат келіп тұр. Жай тұрған жоқ. Бұйрықты орындамадың деп кінәлап тұр. Бір мезгілде дауыстап:

— Бұйрықты орындамағаның үшін атам, — деп оқталды. Шегальковта үн жоқ.

— Мен сені дивизион командирі Меджитовқа позицияны түнде алды деп баяндадым. Ал сен мені алдың, — деген комбаттың дауысы қатты шықты. Батарей командирі жақындап маған да сөйлеп еді, мен: взвод командирінің бұйрығын орындап кейін шегіндім. Ілгері жүр деп бұйырсаңыз, мен дайынмын, — дедім.

— Ал, ендеше бұйрық сол: «Ас дөннен!»

Бұл комбаттың маған тікелей бұйрығы. Бұйрық берді де, комбат жөніне кетті.

Ат айдаушы жауынгер Файзуллинге дөннің нақ төбесіне шыққанша передокке тіркелген зеңбіректі атпен алып шығуды бұйырдым. Дөннің биігіне, ұшар басына шыққанда Құрмашев, Түгелбаев — үшеуіміз зеңбіректің қалқанын бетке ұстап позицияға қарай тартпақшы болдық. Нұртілеуов пен Мұқанов снаряд салынған передокты сүйретіп, біздің соңымыздан еруге тиіс.

Дөң үстіне қарай өрмелеп келеміз. Дөннің нақ қырқасына жеткенде, аттарды тез босатып, кейін қарай жібердім. Бұл кезге дейін немістер бізді сезбеді. Әлгі үшеуіміз зеңбіректі алға, ойға қарай жүгірте жөнелгенде, дұшпан бізді көріп қалып, пулеметтен оқ жаудырды. Соңымыздан снаряды бар передокты сүйретіп Нұртілеуов пен Мұқанов та ұшып келеді. Дөннің дұшпан жоқ етегінде қорғаныс шебінде тұрған бөлімдердің қазған окоптары мен траншеяларына қойып кеттік. Бір дайын ДЗОТ-қа зеңбіректі енгізіп, позицияны алып, «уһ!» дедік-ау. Күн аяз болса да моншадан шыққандаймыз. Комбат бұйрығы орындалды. Жауынгерлік бұйрықты екі етуге болмайды.

Декабрьдің 7 күні түнде біздің позициямызға Бейімбетовтің де расчеты келіп қосылды. Олардың позициясы бізден 200 метрдей жерде. Қорғаныс шебіміз берік. Траншеяларда жаяу әскерлер.

Жылыну үшін блиндаждың орта шеніне от жақтық. Бір мезгілде отымыз тарс-тұрс жарылып, блиндаж іші